ҚОҒАМ



ҚАЗАҚСТАН-БОЛГАРИЯ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ КҮШЕЙЕ ТҮСПЕК

2-бетте

АЙМАҚ

АУДАН ЭКОНОМИКАСЫ ТҰРАҚТЫ ДАМЫП КЕЛЕДІ

3-бетте

АҚПАРАТ

БОЛАШАҚ – БІЛІКТІ МАМАН ҚОЛЫНДА

4-бетте

SALYQ TÁRTIBI

Газет 1994 жылғы наурыздан шығады

www.salyq-gazet.kz РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ saltar61@mail.ru №66 (1925) 12 маусым 2025 жыл

ПРЕЗИДЕНТ

ҚАЗАҚ-ФИН БАЙЛАНЫСТАРЫНА ЖОҒАРЫ БАҒА БЕРДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ЕҚЫҰ-ның іс басындағы төрағасы, Финляндияның Сыртқы істер министрі Элина Валтоненді қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ұйымды аймақтық және жаһандық қауіпсіздік саласындағы күрделі кезеңде басқарып отырған Элина Валтоненнің қызметіне қолдау білдірді.

– Биыл біз Хельсинки қорытынды актісінің 50 жылдығын атап өтеміз. Жарты ғасыр өтсе де бұл құжат егемендік, аумақтық тұтастық және адам құқықтарын құрметтеу қағидаттарын беките отырып, еуропалық қауіпсіздіктің негізі болып қала бермек. Қазақстан осы құндылықтарды берік ұстанады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент қазақ-фин байланыстарының жай-күйіне жоғары баға берді. Финляндияны Астананың Скандинавия аймағындағы бұрыннан келе жатқан серіктесі деп атап, қарым-қатынасты одан әрі жандандыруға әзір екенін мәлім етті.

Өз кезегінде Элина Валтонен ЕҚЫҰ Қазақстанмен және Орталық Азиямен байланысты дамытуға баса мән беретініне тоқталды.

– Қазақстанның халықаралық аренадағы абыройын бекітуге үлкен күш-жігер жұмсап отырсыз. Соның арқасында еліңіз өзін аймақта және әлемде ықпалды орта держава ретінде танытты. Қазақстан ЕҚЫҰ секілді ұйымдардың жұмысына белсенді атсалысу арқылы жаһандық деңгейдегі беделін нығайта береді. Біз Сіздің қазіргідей күрделі кезеңдегі, әсіресе, экономика және экология салаларындағы қызметіңізді жоғары бағалаймыз. ЕҚЫҰ-ның Астанадағы бағдарламалық кеңсесімен ынтымақтастық айтарлықтай табысты дамып келеді, – деді ЕҚЫҰ-ның іс басындағы төрағасы.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы Финляндия Президенті Александр Стуббқа сәлем жолдап, екі ел арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайту үшін тығыз ықпалдастыққа дайын екенін растады.

AKORDA.KZ.

ТУРНИР

АУЫСПАЛЫ КУБОК – ЖАМБЫЛДЫҚТАРДА

Жамбыл облысында Ішкі істер органдары мен Ұлттық ұланның арнайы мақсаттағы бөліністері арасында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің ауыспалы кубогына арналған тактикалық көпсайыстан республикалық турнир мәресіне жетті.

Ауқымды дода облыстық полиция департаментінің Халық Қаһарманы Ғазиз Байтасов атындағы оқу-жаттығу полигонында ұйымдастырылды. Төрт күнге созылған, жоғары деңгейде өткен турнир тартысқа толы болды. Еліміздің барлық өңірінен келген 19 команда қауіп-қатерге толы, шынайы жағдайларға барынша жақындатылған арнайы тапсырмаларды орындап, өздерінің кәсіби шеберліктерін, физикалық төзімділіктерін, сондай-ақ тактикалық дайындықтарын ортаға салды. Арнайы жасақталған бөлімшелердің жауынгерлік қабілетін шыңдау, экстремалды жағдайларда шешім қабылдай білу мен топтық үйлесімділікті арттыруды мақсат еткен турнирда қатысушылар түрлі кедергілерді еңсеріп, жоғары дәлдікпен ату, шапшаңдық, үйлесімділік және жедел әрекет ету машықтарын көрсетті.

Бәсекелестік жоғары болған турнир қорытындысы бойынша үшінші орынды Ұлытау облысы полиция департаментінің командасы иеленсе, екінші орын Астана қаласы полиция департаментінің командасына бұйырды. Ал, бас жүлде мен чемпион атағын Жамбыл облысы полиция департаментінің командасы жеңіп алып, олар Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің Ауыспалы кубогына ие болды.

Турнир жеңімпаздарын Жамбыл облысы полиция департаментінің басшылығы мен Ішкі істер министрлігінің өкілдері арнайы құттықтап, марапаттар мен Алғысхаттар табыстады. Жеңімпаз командаларға арнайы медальдар мен дипломдар табысталып, үздік жауынгерлер жеке аталым бойынша да марапатталды.

Мұндай ауқымды әрі маңызды жарыстар тәртіп сақшыларының кәсіби біліктілігін арттырумен қатар, өзара тәжірибе алмасуға да зор мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл турнир – батырлық пен жауапкершіліктің, ептілік пен ерен еңбектің айқын көрінісі.

Н. АЙТБЕК.
М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің конвергентті журналистика білім беру бағдарламасының 3-курс студенті. Жамбыл облысы.

ИНВЕСТИЦИЯ

ЗАМАНАУИ МЕДИЦИНАЛЫҚ БҰЙЫМДАР ЗАУЫТЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Алматы қаласында медициналық бұйымдар шығаратын жоғары технологиялық зауыттың ашылу салтанаты өтті. Бұл маңызды нысан «Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағының аумағында орналасқан.

«Juldyz Kenan Co., Ltd» компаниясы іске қосып отырған кәсіпорын Қазақстанда катетер, зонд, патологиялық материалдарға арналған контейнерлер секілді өнімдерді шығаратын жалғыз өндіруші. Жобаның жалпы инвестициялық құны – 2,1 миллиард теңге. Кәсіпорында 100-ге жуық жаңа жұмыс орны құрылып, өндірістік қуаттылығы жылына 10 миллион бірлікке дейін жетеді. Зауыт өнімдері неонатология мен педиатриядан бастап, реанимация мен хирургияға дейін медицинаның түрлі салаларында сұранысқа ие. Барлық өндіріс «ISO 13485» халықаралық сапа стандарттарына толық сәйкес келеді.

Жаңа кәсіпорын жобалаудан бастап, клиникалық сынақтардан өткізу, орау және стерильдеуге дейінгі барлық өндірістік кезеңді қамтиды. Аумағы 7000 шаршы метр, онда заманауи өндірістік желілер, зертханалар мен қоймалар орналасқан. Өндіріс үдерісіне экструзия, қысыммен құю, фрезерлеу, жинау, орау және «Н14» сыныпты таза аймақта стерильдеу кіреді.

Компания басшысы, инвестор Бағлан Баккуловтың айтуынша, «Juldyz Kenan Co., Ltd» нарықта 30 жылдан астам уақыт жұмыс істеп келеді. Қазіргі таңда 169 түрлі медициналық өнім шығаратын компания жаңа зауыт арқылы еліміздегі сұраныстың 90 пайызын қамтуға қауқарлы. Бүгінде компания өнімдері 2670-тен астам медициналық мекемеге жеткізіліп, сондай-ақ Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Беларусь, Иран және Ауғанстан елдеріне экспортталып жатыр.

Компания инновацияға ерекше мән береді – қазіргі таңда инесіз жүйелер дайындалып, оларды жылына 3–4 миллион данаға дейін өндіру жоспарланған. Өндіріс барысында АҚШ және өзге де елдердің жоғары сапалы, қауіпсіз компоненттері қолданылады.

Зауыттың іске қосылуы – отандық өндіріс пен медициналық инфрақұрылымды дамытудағы маңызды қадам ғана емес, сонымен қатар, Қазақстанның экспорттық әлеуетін арттыратын стратегиялық жоба болып отыр.

Н. ҒАЛЫМ.
Алматы қаласы.

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

ЖҮЗДЕН АСТАМ ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛІ АНЫҚТАЛҒАН

Ақмола облысында «Заң және тәртіп» тұжырымдамасы аясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның кезекті отырысы өтті.

Облыс әкімі Марат Ахметжанов төрағалық еткен кеңеске облыстық Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі департаментінің басшысы Асхат Оразхан, аумақтық құқық қорғау және атқарушы органдардың басшылары, облыс әкімінің аппаратына қарасты құрылымдық бөлімшелердің өкілдері, сондай-ақ қала және аудан әкімдері бейнеконференция арқылы қатысты.

Жиын барысында Асхат Оразхан туризм саласындағы жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген сыртқы талдау нәтижелерін таныстырды. Сонымен қатар, агенттік басшысы ағымдағы жылы жүзеге асырылып жатқан «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» атты №4 базалық үлгілік бағыт шеңберіндегі жұмыстар туралы мәлімет берді. Осы кезеңде облыстағы 10 қала мен 10 басқарма және аудан әкімдіктерінің қызметі талданып, 118 жемқорлық тәуекелі анықталған.

Жиын барысында мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мен туризм саласындағы жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша облыстық туризм басқармасы мен мемлекеттік қызметтерді талдау бөлімінің басшылары да баяндама жасады.

Кеңес қорытындысы бойынша облыс әкімі тиісті басқармалар мен әкімдіктерге енгізілген ұсынымдар мен мониторинг қорытындыларының орындалуын жеке бақылауға алуды тапсырды.

Г. ЖЫЛҚЫБАЙ.
Ақмола облысы.

ӘЛЕУМЕТ

ҚИЫН ЖАҒДАЙДАҒЫ БАЛАЛАРҒА СПОРТ АЛАҢДАРЫН САЛЫП БЕРМЕК

«Тараз» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы Тараз қаласындағы көптеген игі істерге бастамашы болып келеді.

Жуырда корпорация бастамасымен облыс әкімдігі білім басқармасының «Қиын жағдайдағы балаларды қолдау орталығы» мемлекеттік мекемесінің аумағында волейбол және баскетбол алаңдарын салу жобасы қолға алынды. Жобаны жүзеге асыруға «Фридом Банк Қазақстан» акционерлік қоғамы тарапынан 11,7 миллион теңге бөлініп отыр.

Бастама иелерінің айтуынша, жоспарланған алаң және дене шынықтыру нысандары заманауи талаптарға сай жабдықталып, мекеме тәрбиеленушілерінің белсенді демалысын ұйымдастыруға және спортпен шұғылдануына үлкен мүмкіндік бермек.

Аталған бастама өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларды қолдауға, олардың физикалық және психологиялық дамуына қолайлы жағдай жасауға, сондай-ақ саламатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған.

М. ҚҰЛИБАЕВ.
Тараз қаласы.

ҮКІМЕТ

ҚАЗАҚСТАН-БОЛГАРИЯ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ КҮШЕЙЕ ТҮСПЕК

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Олжас Бектенов пен елімізге алғашқы ресми сапармен келген Болгария Президенті Румен Радев екі мемлекет басшыларының келіссөздері барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру мәселелерін талқылады.

Олжас Бектенов Қазақстан Үкіметі жоғары деңгейде қол жеткізілген келісімдерді толық іске асыруға ниетті екенін атап өтті.

Жиында сауда-экономикалық, инвестициялық және көлік-логистикалық салалардағы ынтымақтастыққа назар аударылды. Атап айтқанда, қазақстандық органикалық ауылшаруашылығы өнімдерінің өзара саудасын кеңейту, оны қайта өңдеу және экспорттау, химия, қосылған құны жоғары тауарлар бойынша бірлескен кәсіпорындар құру мүмкіндіктері қаралды.

Ынтымақтастықты одан әрі арттырудың негізгі платформаларының бірі ретінде «Транскаспий» халықаралық көлік бағыты – «Орта дәлізді» дамыту мәселесі атап өтілді. Сонымен қатар, екі елдің бизнес-топтарының ақпараттық технологиялар, фармацевтика, туризм, сондай-ақ жалпы тәжірибе алмасу саласындағы инвестициялық өзара іс-қимылын дамыту перспективалары талқыланды.

Болгария Қазақстанның Еуропалық Одақтағы ең ірі 15 сауда серіктесінің қатарына кіреді. 2024 жылы екіжақты тауар айналымы 375 миллион долларға дейін артты. Қазіргі уақытта жаңа жұмыс орындарын ашу арқылы жалпы құны 117 миллион доллардан асатын бірлескен жобалар пысықталуда.

ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

БРИФИНГ

БІРҚАЛЫПТЫ ОҢ ДИНАМИКА КӨРСЕТІП ОТЫР

Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында Талас ауданының әкімі Нұрбол Жүнісбеков баспасөз мәслихатына қатысып, ауданның 2025 жылдың қаңтар-сәуір айларындағы даму көрсеткіштері жайлы хабарлама жасады.

– 2025 жылдың 4 айында ауданының әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері бірқалыпты оң динамика көрсетіп отыр. Қазіргі таңда негізгі салалар бойынша тиісті жұмыстар атқарылып, бірқатар нақты нәтижелерге қол жеткізілді. Аудан экономикасын дамытуда өндіріс, ауылшаруашылығы, құрылыс, инвестиция, кәсіпкерлік және әлеуметтік сала бағыттарында бірқатар ілгерілеушілік байқалады.

Аудан бойынша өнеркәсіп өнімінің көлемі 12,9 миллиард теңгені құрап, нақты көлем индексі 105,6 пайыз болды. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,1 миллиард теңгеге артық. Айтарлықтай өсім өңдеу өнеркәсібінде байқалды – 8,5 миллиард теңге (111,2 пайыз).

Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 11,3 миллиард теңгеге жетіп, 234,9 пайыз орындалды. Инвестицияның 85 пайызы жеке қаражат есебінен құралып, аудан экономикасына сенімділік білдіретін инвесторлар үлесінің жоғары екенін көрсетті.

Ірі инвестициялық жобалар – жаңа жұмыс орындарының негізі. Ауданда жалпы құны 31,2 миллиард теңгені құрайтын 4 ірі жоба жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, «Talas Investment Company» ЖШС, «KARATAU CHEMICALS» ЖШС, «Asia NST» ЖШС және «Жамбыл Недр» ЖШС жобалары арқылы 450 адам жұмыспен қамтылатын болады. Бұл жобалар жергілікті халықтың жұмыспен қамтылу деңгейін арттырумен қатар, өңірдің өндірістік әлеуетін кеңейтпек, – деді аудан әкімі.

Ауылшаруашылығы өнімінің көлемі 4,0 миллиард теңгеге жетіп, нақты көлем индексі 102,0 пайыз орындалған. Мал басы 7,1 пайызға артып, 491993 басқа жетіпті. Ауылшаруашылық өнімдерінің ішінде ет пен сүт өндірісі өсім көрсеткен. Сонымен қатар, көктемгі егіс-дала жұмыстары аясында 12145 гектар жерге егін себіліп, 2024 жылмен салыстырғанда егістік көлемі ұлғайған. Құрылыс жұмыстарының көлемі 2,6 миллиард теңгені құрап, 233,4 пайыз орындалғанын да еске салды хабарламашы.

Ауданда 7051 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілсе, бұл өткен жылмен салыстырғанда 133,5 пайызға жоғары көрінеді. Сондай-ақ ауызсу, газ, жылу және жол инфрақұрылымын жаңғырту бойынша нақты жобалар жүзеге асырылуда екен.

Шағын және орта кәсіпкерлік – экономиканың қозғаушы күші болып саналады. Ауданда 3823 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі тіркеліпті. «Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі бірыңғай бағдарлама» аясында Қаратау қаласында құны 127 миллион теңгені құрайтын 5 жоба жүзеге асырылғанын да аудан әкімі алға тартты. «Ауыл аманаты» жобасы аясында 29 жоба қолдау тауып, 197,4 миллион теңгеге қаржыландырылған.

Әлеуметтік қолдау саласында 2025 жылдың алғашқы төрт айында 1133 адам жұмыспен қамтылған. Әлеуметтік көмек түрлеріне 67 миллион теңге бөлініп, 845 адам атаулы әлеуметтік көмек алған. «Дипломмен ауылға» бағдарламасы арқылы 15 маманға көтерме жәрдемақы, 10 маманға тұрғын үй алуға несие берілген.

Аудан әкімі бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қойған сұрақтарына нақты жауап қайтарды.

Н. АЙТБЕК,
М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің конвергентті журналистика білім беру бағдарламасының 3-курс студенті.
Жамбыл облысы.

ЦИФРЛАНДЫРУ

МЫҢДАҒАН АУЫЛ ЖОҒАРЫ ЖЫЛДАМДЫҚТЫ ИНТЕРНЕТКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мен «Қазақтелеком» АҚ 3000-нан астам ауылды интернетке қосу туралы инвестициялық келісім жасасты. Қол қойылған мәміленің арқасында талшықты-оптикалық байланыс желісін салу жобасын іске асыру жоспардан бір жыл ерте – 2026 жылдың соңына дейін аяқталады. Ал, шалғай аудандардағы байланыс 2027 жылдың соңына дейін жерсеріктік байланыс арналарымен қамтамасыз етілмек.

Жоба 2027 жылдың соңына қарай елдегі ауылдардың 99 пайызын жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Енді таяу арада мектеп, аурухана, әкімшілік ғимарат, бюджеттік ұйымдар, сондай-ақ қоғамдық кіру нүктелері мен мемлекеттік шекаралардағы 40-тан астам өткізу бекеттері желіге қол жеткізе алады. Ауылдық елді мекендерді талшықты-оптикалық (88 пайыз) және жерсеріктік арналар (12 пайыз) арқылы желіге қосады.

Жобаға құйылған инвестициялардың жалпы көлемі 239 миллиард теңгеден асады. Бұл – бюджеттен тыс қаражат. Бұл «Қазақтелеком» АҚ ірі телекоммуникациялық инфрақұрылымын пайдаланудың нәтижесінде мүмкін болды.

Сондай-ақ ауылдық жерлерде ұялы байланыс базалық стансалары үшін инфрақұрылым күшейтілмек. Бұл нысандарға дейін жеткізіп талшықты-оптикалық желіні төсеу мобильді интернет пен байланыстың сапасын едәуір арттыруға мүмкіндік береді.

– Біз өңірлерді дамытуға тең жағдай жасайтын цифрлық іргетас қалап жатырмыз. Міндетіміз – ауылдарды интернетке қосумен қатар, елді мекендерді елдің цифрлық экожүйесіне енгізу. Бұл білім алу, медицина, мемлекеттік қызметтерге тең дәрежеде қолжеткізудің негізі. Инфрақұрылым тұрақты және ашық түрде жұмыс істегенде, шағын бизнес, ауыл мектептері мен жастарға арналған жаңа кәсіптік бағыттарды дамытуға жол ашады, – дейді Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев.

«Қазақтелеком» АҚ басқарма төрағасының айтуынша, ең бастысы – білім алу, өзін-өзі дамыту мен заманауи технологияларды пайдалануда ауылдағы бала мен қаладағы баланың мүмкіндіктері тең дәрежеде болуға тиіс.

– Біз цифрлық теңсіздікті жоюды еліміздің түкпір-түкпірінен, шалғай жатқан ауылдардан бастадық. Интернетке қол жеткізу – көптен бері сән болудан қалды, бұл халықаралық деңгейде, оның ішінде БҰҰ мен еліміздің Президенті мәлімдегендей, негізгі қажеттілік, – деді Бағдат Мусин.

ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің баспасөз қызметі.

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

ЖАСТАР ӘСКЕРГЕ БАРУДАН НЕГЕ БАС ТАРТАДЫ?

Қазақстанның тәуелсіздігін, шекарасының тұтастығын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету – мемлекет алдындағы басты міндеттердің бірі. Бұл жауапкершілікті жүзеге асыратын негізгі құрылым – Қарулы күштер. Алайда, соңғы жылдары қоғамда армияға деген сенім азайып, жастар арасында әскери борышын өтеуге құлықсыздық байқалып отыр. Бұл – назардан тыс қалдыруға болмайтын маңызды мәселе.

18 бен 27 жас аралығындағы ер азаматтар үшін әскери қызмет – заңмен бекітілген міндет. Конституцияның 36-бабында әрбір азаматтың Отанды қорғауға дайын болуы тиіс екені нақты көрсетілген. Десе де, қазіргі таңда көптеген жас түрлі себептен бұл міндеттен жалтаруға тырысады. Бірі – денсаулығына сілтеме жасаса, енді бірі – оқуға түсіп, кейін түрлі стипендиялық бағдарламалар арқылы әскерден босап жүр. Бұл – жекелеген жағдай емес, жалпылама үрдіске айналған құбылыс.

Жастардың әскери қызметтен қашуының басты себептерінің бірі – әскердегі тәртіп пен жағдайға деген сенімсіздік. Мәселен, 2023 жылы әскери борышын өтеп жүрген сарбаздардың арасында 15-тен астам өлім жағдайы тіркелген. Бұл тек ресми дерек. Оған қоса, ел арасында бейресми тәртіп, яғни әлімжеттік мәселесі туралы жиі айтылады. Жаңа келген сарбаздарға бұрынғы қызметтегі сарбаздар тарапынан көрсетілетін қысым армияға деген қорқыныш пен сенімсіздікті одан әрі арттырып отыр. Жас сарбаздардың психологиялық күйзеліске түсуі, әскердегі бейберекет қатынастар – бұл мәселелерді шешпейінше, армияның беделін арттыру мүмкін емес.

Тағы бір маңызды мәселе – әскери бөлімдердегі материалдық-тұрмыстық жағдай. Қорғаныс министрлігінің өзі кейбір гарнизондарда жылу, су және санитарлық жүйелердің ескіргенін мойындап отыр. Сарбаздардың жатақхана, киім-кешек, асхана сияқты күнделікті қажеттіліктері талапқа сай келмейтін бөлімдер де аз емес. Мұндай ортада бір жыл қызмет ету жастар үшін тек уақыт жоғалту ғана емес, денсаулығына, психологиясына зиян келтіруі мүмкін.

Бұдан бөлек, жастар әскерге барудың өздерінің білім алуына және мансап жолына кері әсер ететінін де жиі алға тартады. Бір жылға оқуын үзіп, кәсіби даму жолынан қалып қою – қазіргі бәсекеге толы қоғамда елеулі мәселе. Көпшілік үшін бұл – жай ғана уақыт жоғалту, ал кейбіреулер үшін – болашағынан айырылумен тең.

Қоғамда әскери қызметке деген құрметтің де бәсеңдеп кеткенін байқауға болады. Бұрын әскери форма ерлік пен мәртебенің символы саналса, бүгінде ол тек орындалуға тиіс міндет ретінде ғана қабылданып отыр. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бұл мәселеге арнайы тоқталып, әскери ортада темірдей тәртіп орнауы тиіс екенін, сарбаздардың қауіпсіздігі мен денсаулығына әскери басшылық пен құқық қорғау органдары жауапты екенін нақты айтты. Ал Мәжіліс депутаты Нартай Аралбайұлы Қорғаныс министріне жолдаған сауалында әскердегі келеңсіздіктерге тоқталып, оны жою үшін нақты қадамдар жасауды ұсынды.

Бұл түйткілді шешу үшін бірнеше бағытта жұмыс жүргізу қажет. Ең алдымен, әскери қызметтің сапасын арттыру керек. Жатақхана, тамақ, медициналық көмек, психологиялық қолдау сияқты негізгі қажеттіліктер толық қамтамасыз етілуі тиіс. Әлімжеттік мәселесін шешу үшін тәртіп бұзушыларға жаза қатаңдалып, әскери бөлімдерде бейнебақылау жүйесі орнатылып, ішкі бақылау жүйесі жетілдірілуі керек. Ашықтық пен әділдік қамтамасыз етілсе, сарбаздар өздерін қауіпсіз сезініп, әскерге деген сенім артады.

Ең бастысы – жастар арасында әскери-патриоттық тәрбиені күшейту қажет. Мектептер мен колледждерде арнайы курстар, патриоттық кездесулер, әскери дайындық шаралары ұйымдастырылып, жас буынның бойында Отанға деген сүйіспеншілік пен борыш сезімі қалыптастырылуы тиіс.

Қазіргі жастардың әскерден бас тартуы – жай ғана үрдіс емес, бұл армияның қазіргі жағдайы мен қоғамдағы орнына берілген шынайы баға. Егер біз болашақта күшті әрі заманауи армияға ие болғымыз келсе, онда әскери қызметтің мәртебесін арттырып, оны жастар үшін тартымды әрі қауіпсіз етуіміз қажет. Армияны жаңғырту – тек Қорғаныс министрлігінің емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Жастар әскерді қорқынышты орын емес, азаматтық жауапкершіліктің, рух пен ерліктің мектебі ретінде қабылдаған кезде ғана еліміз шынайы қауіпсіздікке қол жеткізеді.

Г. ЖҰМАҒАЛИ.
Жамбыл облысы.

НАУҚАН

ЖАМБЫЛДА КӨКТЕМГІ ДАЛА ЖҰМЫСТАРЫ АЯҚТАЛДЫ

«Көктемнің бір күні жылға азық» деген қағиданы берік ұстанатын жамбылдық шаруалар жер қыртысы жібегеннен-ақ егін егу науқанынына қатысатын техникасын жұмылдырып, соқасын сайлап жер жыртып, егін екті. Көктемнің бір күнін де бос өткізбей, тынымсыз тірлік етті.

Облыс әкімдігі ауылшаруашылық басқармасының мәліметіне қарағанда шаруалар 198,9 мың гектарға жаздық масақты дәнді дақыл, 40,6 мың гектарға майлы дақыл, 5,6 мың гектарға қант қызылшасы, 8,9 мың гектарға картоп, 34,9 мың гектарға көкөніс, 14,0 мың гектарға бақша дақылдары, 18,8 мың гектарға дәндік жүгері, 1,5 мың гектарға сүрлемдік жүгері, 25,3 мың гектарға көпжылдық және 3,7 мың гектарға біржылдық шөп отырғызып, көктемгі дала жұмыстарын ойдағыдай аяқтаған.

Облыс бойынша 659,9 мың гектар егіс алқабына ауылшаруашылығы дақылдары орналастырылған. Бұл ретте ағымдағы жылы егіс алқабын әртараптандыру аясында рентабелді дақылдарға көңіл бұрып көкөніс, бақша және майлы дақылдарының алқаптарын арттыру жұмыстары жүргізіліпті.

Көктемгі дала жұмыстарына 8 мыңнан астам ауылшаруашылығы техникасы жұмылдырылса, оған қажетті бөлінген 19,9 мың тонна дизель отынының 13,7 мың тоннасы өңірге жеткізіліп, 9,9 мың тоннасы шаруаларға таратылған. Жоспарланған 99,6 мың тонна минералды тыңайтқыштардың 50,4 мың тоннасы 252,2 мың гектар алқапқа ендірілген. Көктемгі егіс жұмыстарын қаржыландыруға бағытталған «Кең дала-1» және «Кең дала-2» бағдарламаларымен 4,1 миллиард теңгеден астам қаржыға өтінімдер түсіп, оның 3,5 миллиард теңгесі шаруаларға аударылған.

Бүгінде шаруашылық құрылымдары көктен түсетін азды-көпті ылғал мен облыс аумағындағы өзен суына сонша үміт арта бермейді. Сондықтанда жаңбырлатып және тамшылатып суару технологиясын көптеп енгізуді қолға алған. 2024 жылы 55,4 мың гектарға енгізілген су үнемдеу технологияларының көлемі 11,1 гектарға ұлғайып, 66,5 мың гектарға жаңбырлатып және тамшылатып суару технологиялары енгізілген. Шаруашылық құрылымдарының басшылары мұндай заманауи үлгідегі технологияны алдағы уақытта да көптеп енгізуді жалғастыра бермек.

А. ӘБІЛ.
Жамбыл облысы.

ҚУАТТЫ ӨҢІРЛЕР ЕЛ ДАМУЫНЫҢ ДРАЙВЕРІ

АУДАН ЭКОНОМИКАСЫ ТҰРАҚТЫ ДАМЫП КЕЛЕДІ

Соңғы жылдары Келес ауданында өнеркәсіп пен кәсіпкерлік саласында айтарлықтай ілгерілеушіліктер бар. Бұл бағыттағы жұмыстар нақты жобалармен, инвестициялық серпінмен және жаңа өндіріс орындарының көптеп ашылуымен қуантуда.

Былтыр аудан бойынша 5,4 миллиард теңгенің өнеркәсіп өнімі өндірілді, бұл жоспарланған көрсеткіштен көп жоғары. Нақты көлем индексі 103,1 пайызды құрап отыр. Өнеркәсіптегі өсім негізінен минералды және алкогольсіз сусындар, күйдірілген қыш шығаратын, электр энергиясы мен темірбетон бұйымдарын өндіретін кәсіпорындардың есебінен қалыптасты.

Ал, биылғы жылдың алғашқы үш айының қорытындысы бойынша өнеркәсіп өнімі 1,8 миллиард теңгеге жетті. Бұл да аудан экономикасының тұрақты дамып келе жатқанын көрсетеді. Жыл соңына дейін өнеркәсіп өнімінің көлемін 6,2 миллиард теңгеге жеткізу жоспарланып отыр.

Аталған көрсеткіштерге қол жеткізу мақсатында бірқатар жаңа өндіріс орындарын ашу көзделген. Атап айтқанда, Ақтөбе ауылында қыш зауыты, асфальт және темірбетон бұйымдарын шығаратын зауыт, сондай-ақ гофра-картон өндіретін кәсіпорын пайдалануға беріледі деп жоспарлануда. Сонымен қатар, Жүзімдік ауылынан минералды сусындар шығаратын зауыт ашу жоспарға енгізілген.

Ауданда жеке инвестиция тарту арқылы жаңа жұмыс орындарын ашу бағытында да үлкен жұмыстар атқарылуда. Өткен жылы жеке кәсіпкерлердің қаржысы есебінен жалпы құны 3,8 миллиард теңгені құрайтын 10 жоба іске асып, нәтижесінде 235 адам тұрақты жұмыспен қамтылды.

Ал, биыл инвестиция тарту көлемі еселеп өсіп, жалпы құны 63,2 миллиард теңгені құрайтын 5 ірі жобаны іске асыру көзделіп отыр. Бұл жобалар аясында 2180 жаңа жұмыс орны ашылады деп күтілуде. Атап айтқанда, «Ecoculture-Eurasia» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 500 гектар аумақта жылыжай кешенін салуды жоспарлап отыр. Жобаның жалпы құны 42 миллиард теңгені құрайды. Сонымен қатар, «Нурболат» өндірістік кооперативінің бастамасымен құны 20 миллиард теңге болатын «Азия Мед» медициналық орталығының құрылысы қолға алынбақ. Бұдан бөлек, «Қонысбаев Б.» ЖК есебінен 400 миллион теңгеге қонақүй салынбақ. Сондай-ақ «Giga Group» ЖШС ауданда асфальт және темірбетон бұйымдарын шығаратын зауыт салуға кірісіп, бұл жобаға 350 миллион теңге көлемінде инвестиция бағыттап отыр. Ал, «Дюсенбаев Е.» ЖК тарапынан құны 500 миллион теңге болатын мейрамхана салынады.

Аталған бастамалар аудан экономикасын әртараптандырумен қатар, жаңа жұмыс орындарын ашуға, халықтың әл-ауқатын арттыруға және инвестициялық ахуалды жақсартуға айтарлықтай үлес қосады. Жобалардың табысты іске асуы Келес ауданының алдағы жылдардағы дамуына берік негіз қаламақ.

Г. АЙХОДЖАЕВА.
Түркістан облысы.

АГРОСАЛА

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ ДАҚЫЛДАРЫ 23,7 МИЛЛИОН ГЕКТАР ЖЕРГЕ ОРНАЛАСТЫРЫЛДЫ

Қазақстанда 2025 жылғы көктемгі егіс жұмыстары толық аяқталды.

Мемлекеттік қолдау шараларының, диқандар мен жергілікті әкімшіліктің үйлесімді жұмысының арқасында науқан дер кезінде жүргізілді, – деп хабарлайды ҚР Ауылшаруашылығы министрлігінің баспасөз қызметі.

Айта кету керек, биыл егіс жұмыстарын қаржыландыру алғаш рет дала жұмыстарынан алты ай бұрын басталды. Жалпы қаржыландыру көлемі 700 миллиард теңгені құрады. Диқандардың жеңілдетілген қаржыға қолжетімділігін арттыру мақсатында қарыз сомасының 85 пайызына дейін кепілдік беру механизмі іске қосылды.

Ауылшаруашылығы техникасын жеңілдетілген лизинг арқылы алу көлемі 250 миллиард теңгені құрады. Бұл машина-трактор паркін жаңартуға және көктемгі дала жұмыстарын агротехникалық мерзімдерде, жоғары технологиялық тиімділікпен жүргізуге елеулі әсер етті.

Алдын ала мәліметтерге сәйкес, ауылшаруашылығы дақылдары 23,7 миллион гектар жерге орналастырылды. Сонымен қатар, егістік алқаптардың құрылымын әртараптандыруға ерекше назар аударылды. Бұл ретте егін айналымының ғылыми негізделген нормалары, климаттық тәуекелдерге төзімділік және нарықтық үрдістер ескерілді.

Нәтижесінде, өнімділігі жоғары және сұранысқа ие дақылдардың егіс көлемі ұлғайды: майлы дақылдар – 3,4 миллион гектар (өткен жылмен салыстырғанда 0,5 миллион гектарға артық), мал азықтық дақылдар – 3,3 миллион гектар (114 мың гектарға артты), дәндік жүгері – 167,5 мың гектар, көкөніс-бақша дақылдары – 222,3 мың гектар.

Аталған егіс алқаптары елдің ішкі қажеттіліктерін қамтамасыз етіп қана қоймай, агроөнеркәсіптік кешеннің экспорттық әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді.

«ST» АҚПАРАТ.

ИНВЕСТИЦИЯ

ЗАМАНАУИ МЕГАФЕРМА САЛЫНУДА

Өңір басшысы сүтті мал шаруашылығы кешендерінің құрылысын, заманауи суару технологияларын енгізу барысын көріп, жергілікті диқандармен егіс науқанына қатысты пікір алмасты. Сонымен қатар, әлеуметтік маңызы бар нысандарды аралап, тұрғындар үшін жасалып жатқан жағдайларға қанық болды.

Бүгінде Солтүстік Қазақстан облысында сүтті мал шаруашылығы ерекше қарқынмен дамып келеді. 2023 жылы 17 сүт кешені іске қосылса, биыл тағы 11 жаңа ферма салынбақ.

Жақында Қызылжар ауданында 8 мың басқа арналған заманауи мегаферманың құрылысы басталды. Ауқымды жобаны «Зенченко және К» командиттік серіктестігі жүзеге асырып жатыр. Бұл инвестициялық жоба іске қосылған соң еліміз бен Орталық Азиядағы ең ірі сүт кешеніне айналмақ. Жыл сайын 26 мың тонна сүт өндіру жоспарланып отыр.

Жұмыс сапарымен ауданда болып, ауылшаруашылығы мен инфрақұрылым тарту бағытында жүзеге асырылып жатқан бірқатар маңызды жобалармен танысқан облыс әкімі Ғауез Нұрмағамбетов 9 миллиард теңгеге бағаланған бұл ірі жобаға жоғары баға берді.

Өңір үшін тағы бір маңызды жоба – «Жезқазған–Петропавл» республикалық автожолының жөнделіп жатқаны. Бұл көлік дәлізі облыс пен елдің басқа өңірлері арасындағы экономикалық және әлеуметтік байланысты нығайтуда шешуші рөл атқарады. Соңғы екі жылда 135 шақырым жол жөнделсе, биылғы жоспар–215 шақырым. Жыл соңына дейін Покровка-Бескөл және Сергеевкадан Ақмола облысының шекарасына дейінгі аралықтағы жұмыстар толық аяқталмақ.

Л. МЫРЗАНТАЙҚЫЗЫ.
Солтүстік Қазақстан облысы.

АУЫЛ АМАНАТЫ

ЖОБА ШАПАҒАТЫН ЖАЛАҒАШТЫҚТАР ДА КӨРІП ОТЫР

Қазіргі таңда жеке кәсібін ашқысы келетіндердің саны тек қалада ғана емес, шалғай елді мекендерде де арта бастады. Мұндай үрдіс Жалағашта айқын байқалады. Ауданға қарасты елді мекендерде мал фермалары, жылыжай, наубайхана, шаштараз, азық-түлік дүкені секілді шағын өндіріс орындары көптеп ашылуда. Қуантарлығы, бұл үрдіс жергілікті тұрғындарды тұрақты жұмыспен қамтуға жол ашып отыр. Ерекше айта кететін жайт, «Ауыл аманаты» жобасына жалағаштықтар қатты қызығушылық танытуда.

«Ауыл аманаты» жобасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылдың 26 қарашасындағы №1 «ҚР ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы» Жарлығы негізінде бастау алды. Ауыл халқының әл-ауқатын арт-тыруға бағытталған жоба облыста оң нәтижесін беруде. Жоба аясында аймақта 2023 жылы 406 жоба, былтыр 375 жоба қаржыландырылып, жалпы екі жылда 1110 жаңа жұмыс орны ашылған. Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны 275-ке артты. Сонымен қатар, 50 өндірістік кооператив құрылып, өңдеу өнеркәсібі бағытында 158 жаңа кәсіпорын іске қосылды.

Аймақтағы «Абай-Дәулет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жаңашыл бастамасының нәтижесінде 1000 шаршы метрден асатын ғимаратта жалпы құны 318,2 миллион теңгені құрайтын 13 жоба іске қосылған. Сол арқылы қосымша 25 азаматқа тұрақты жұмыс орны ашылған. Бұл тәжірибені кеңінен тарату мақсатында облыс бойынша 14 шағын орталық құру жоспарланған. Сондай-ақ 434,9 миллион теңгеге 70 жобаны іске асыру көзделуде.

Ауылшаруашылығы саласында 56 жылыжай ашылып, 2676 бас асылтұқымды мал сатып алынды. Мал шаруашылығын дамытуда шағын несиелерді асылтұқымды төрт түлік сатып алуға бағыттау ұтымды шешім болды. Нәтижесінде шағын несиелердің 27 пайызы осы салаға бағытталды.

Ауданда бағдарламаны ауыл тұрғындары арасында кеңінен насихаттау, түсіндіру жұмыстары жан-жақты жүргізілуде. Аудан әкімдігі мен «Amanat» партиясы жанынан арнайы құрылған мобильді топтар барлық ауылды аралап, тұрғындарға «Ауыл аманаты» жобасын кеңінен таныстырды. Оның ішінде ең шалғай деген ауылдардың тұрғындары да қамтылды.

Соның нәтижесі болса керек, ауыл тұрғындарында тыңнан түрен салатын бизнес жоспарлары жетерлік. Бүгінде ауданда аталған жоба аясында 379,7 миллион теңгені құрайтын 66 жобаны қаржыландыру жоспары бекітілген. Қазіргі таңда 83,9 миллион теңге болатын 19 жоба қаржыландырылған. Сондай-ақ 25,5 миллион теңге болатын 3 жоба қаржыландыруға ұсынылған. Еске салайық, өткен жылы «Өңірлік жұмыспен қамту картасы» аясында 49 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылған.

Сонымен қатар, «Жұмысшы мамандықтарының жылы» аясында биыл агро-индустриялық жобаларға қажет мамандар даярлау үшін мемлекеттік тапсырыс саны 5308 орынға дейін ұлғайған. Мәселен, былтыр шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2972-ге жетіп, бүгінде оның 2839-ы немесе 95,5 пайызы нақты жұмыс жасап тұр. Сондай-ақ қаржы институттары арқылы аудан кәсіпкерлері ұсынған 325 жоба 5132 миллион теңгеге қаржыландырылып, 176 жаңа жұмыс орны ашылды. Былтыр 60 миллион теңгені құрайтын 11 жоба қаржыландырылып, 11 жұмыс орны құрылды. Былтыр желтоқсан айында 43 миллион теңгені құрайтын 10 жоба комиссияда мақұлданып, қаңтар айының басында толық қаржыландырылған. Нақтырақ айтсақ, ауданда өңдеу саласын дамыту мақсатында жеке кәсіпкер Халық Серіктің жеке қаражаты есебінен жалпы құны 300 миллион теңгені құрайтын «Akniet» құрылыс қоспаларын шығару цехы іске қосылды. Сонымен қатар, «Таң ЛТД» ЖШС-ның жалпы құны 422 миллион теңгеге «Өндірістік база» цехының құрылысы жүргізілуде, жақын уақытта іске қосу жоспарлануда. Цех мақсарыдан май, жүгеріден ұн және күріштен кеспе өнімдерін шығаруды қолға алмақ. Сондай-ақ өндіріс арқылы 22 жұмыс орны ашылады. Тағы да айта кететін жайт, аудан орталығынан өткен жылы кәсіпкерлердің бастамасымен құны 600 миллион теңгені құрайтын үш сауда орталығы ашылып, ел игілігіне берілді.

Бағдарлама аясында бірінші кезекте жеке қосалқы шаруашылықтарды кооперативтер негізінде дамытуға басымдылық беріледі. Бұл ретте алынған өнімнің сапасын, салмағын арттыратын өңдеу саласына қатысты жылыжайлар, сүт, ет өндірісі, құс және балық шаруашылығы секілді жобалар, өсімдік шаруашылығын, мал шаруашылығын дамыту, ауылшаруашылығы кооперативтерін жабдықтау және басқа бағыттағы бизнес жобаларды қаржыландыруға ерекше мән беріліп отыр. Яғни, ауылдық жерлерде жаңа жұмыс орындарын құруға, мал мен құстың санын көбейтуге, шағын кәсіпкерлікті ашу арқылы халықтың табысын арттыруға және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге септігі тиеді.

Несие алу үшін ауыл тұрғындары алдымен жергілікті әкімдіктеріне өтінім білдіруі қажет. Бағдарламада уақыт шектеуі жоқ. Шартта көрсетілгендей, несие алушы кем дегенде бір жыл сол жергілікті ауылдың тұрғылықты азаматы болуы керек. Егер кепіл болмаған жағдайда туыстардың кепілін пайдалануға болады.

Қаржының мақсатты жұмсалуы қатты қадағаланатын болады. Бағдарлама адамдардың тұрақты табыс жолына түсуіне бағытталған. Кәсіп ашуға немесе істі дұрыс жүргізуге мамандануға ауылдық округ әкімдері көмектеседі. Өйткені, аудан әкімі Ардақ Ибраимов тиісті сала басшыларына және ауыл әкімдеріне жобалардың уақытында әрі сапалы орындалуын, олардың нақты нәтиже беруін және тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға бағытталуын қамтамасыз етуді тапсырған.

Ж. АРЫН.
Қызылорда облысы.

МАМАНДЫҒЫ МАҚТАНЫШЫ

МИНИСТРДІҢ АЛҒЫСЫН АЛҒАН ҚҰТҚАРУШЫ

Ел ішінде еңбегімен дараланып, азаматтық қорғаныс саласында абыройлы қызмет етіп жүрген құтқарушылар өте көп. Жұмыс пен спортты қатар алып жүрген құтқарушы Байсұлтан Дәулетовті осы қатарға жатқызуға болады.

Байсұлтан Дәулетов Тараз қаласының тумасы. Отбасының еңбекқорлығы мен табандылығы оның өміріне үлкен әсер етті. Әкесі Дәулет мал шаруашылығымен айналысып, ауылшаруашылығы саласында табысты еңбек етіп келеді. Анасы Әсия медицина саласына 25 жылдан астам өмірін арнаған ардақты жан. Денсаулық сақтау саласында үлкен тәжірибе жинақтаған кәсіби маман бүгінде зейнетте.

Байсұлтан білім жолын Тараз қаласындағы №53 мектеп-гимназияда бастап, онда 9-сыныпқа дейін оқиды. Мектепте жүргенақ белсенділігімен, спортқа деген ерекше ынтасымен көзге түседі. Сабақтан тыс уақытта түрлі спорт секцияларына қатысып, жарыстарда мектептің намысын қорғайды. Жас күнінен саламатты өмір салтын ұстанған Байсұлтан 2016 жылы еліміздің астанасы – Астана қаласындағы көпсалалы колледжге түсіп, «Денешынықтыру және спорт жаттықтырушысы» мамандығын игеруге бел байлады. Колледжде оқи жүріп, теориялық білімді тәжірибемен ұштастырып, кәсіби жаттықтырушы болу жолында алғашқы қадамдарын жасай бастайды. Спорт саласына шынайы махаббат пен табандылықпен келген Байсұлтан болашақта саламатты ұрпақ тәрбиелеу жолында аянбай еңбек етуді мақсат етеді.

Кейіпкеріміздің спорт жолындағы алғашқы қадамы бар болғаны 11 жасында басталды. Осы жасынан бастап бокспен шұғылданып, өзінің табиғи қабілеті мен тынымсыз еңбегінің арқасында жоғары жетістіктерге қол жеткізе білді. 2017 жылы бокстан Қазақстан Республикасының спорт шебері атағына ие болып, кәсіби спортшы ретіндегі деңгейін дәлелдеді. 2020 жылы Байсұлтан Дәулетұлы Астана қаласындағы №36 Десанттық-шабуылдаушы әскери бригадасының қатарына шақырылып, әскери қызметін абыроймен атқарды. Қатаң тәртіп пен жауапкершілікке құрылған әскер қатарында ол тәртіпке мойынсұнып қана қоймай, нағыз ер-азаматқа тән мінез қалыптастырып, ел алдындағы парызын адал орындап шықты. Әскерден оралған соң, 2021 жылы Алматы қаласындағы азаматтық қорғау органына қызметке орналасып, сол уақыттан бері ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында аянбай еңбек етуде.

Қызмет барысында ол түрлі сипаттағы өрт оқиғалары мен төтенше жағдайлардың салдарын жоюға белсене қатысып, талай азаматтың өмірін құтқаруға тікелей үлес қосты. Байсұлтанның кәсіби шеберлігі мен батылдығының бір көрінісі – тұрғын үйдегі өрт кезінде аса жоғары температураның әсерінен ісініп, жарылуға шақ қалған газ баллондарын қауіпсіз аймаққа шығарып, жарылыстың алдын алған әрекеті. Бұл әрекеті оның өз өмірін қатерге тіге отырып, өзгелердің амандығы үшін жан аямай қызмет ететінін дәлелдейді. Онымен қоса, 2024 жылы Ақмола облысы, Атбасар қаласының маңында орын алған жойқын су тасқыны салдарын жою жұмыстарына да белсене атсалысып, төтенше жағдай аймағында ерлік пен жанқиярлық танытты. Осы күрделі операция кезінде көрсеткен кәсіби шеберлігі мен азаматтық борышқа адалдығы үшін Байсұлтан «Ақжол» демократиялық партиясының арнайы төсбелгісімен марапатталып, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрі, генерал-майор Шыңғыс Әріновтың Алғысхатына ие болды.

Байсұлтан азаматтық қорғау саласындағы қарбалас қызметіне қарамастан, спорттан ешқашан қол үзген емес. Әлі күнге дейін жаттығуларын тоқтатпай, кәсіби деңгейін сақтап келеді. Бүгінде Байсұлтан Дәулетов өзінің туған жерінде, Тараз қаласындағы №3 өрт сөндіру бөлімінде өртсөндіруші-құтқарушы лауазымында абыройлы еңбек етуде.

2024 жылы кейіпкеріміз Көкшетау қаласында ұйымдастырылған қоян-қолтық ұрыс бойынша республикалық жарысқа облыстық төтенше жағдайлар департаментінің атынан қатысып, жоғары кәсіби және спорттық дайындықтың үлгісін көрсетті. Осы додада көрсеткен белсенділігі мен ерік-жігерінің нәтижесінде арнайы алғысхатпен марапатталды. Байсұлтан бұдан бөлек, облыстық төтенше жағдайлар департаментінің футбол құрамасының тұрақты әрі сенімді ойыншысы. Команданың белді мүшесі ретінде облыс көлеміндегі түрлі жарыстарда топ жарып, әріптестерімен бірге көптеген жеңістерге қол жеткізген. Бұл – Байсұлтанның тек қызметте ғана емес, ұжымдық рухты қажет ететін спортта да үздік екенін көрсетеді.

Байсұлтан – саламатты өмір салтын берік ұстанатын, болашағын Отан мен қоғам игілігіне арнаған жас маман. Оның бойындағы ерік-жігер, азаматтық жауапкершілік пен кәсіби біліктілік – ел болашағы үшін маңызды құндылықтар. Осындай батыл да білімді, белсенді де ұлтжанды жастарымыз барда, ел ертеңі – кемел, келешегі нұрлы боларына кәміл сенуге болады.

М. БАЛТАБАЕВ.
Жамбыл облысы.

ПРОКУРАТУРА

«ҚОҒАММЕН БАЙЛАНЫС»: АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕК АЛДЫ

Т.Рысқұлов ауданында заңдылықты қамтамасыз ету, құқықтық тәртіпті нығайту және тұрғындарға құқықтық көмектің қолжетімділігін арттыру мақсатында «Қоғаммен байланыс» жобасы аясында ауқымды іс-шаралар ұйымдастырылды.

Прокуратура бастамасымен өткен бұл акция – халықпен жүйелі диалог орнатудың жаңа форматы ғана емес, сонымен қатар, нақты нәтижелерге жеткізген пәрменді құралға айналды. Жоба шеңберінде ауданның түрлі елді мекендерінде бір уақытта кездесулер ұйымдастырылып, олардың барысы қашықтан нақты уақыт режимінде бақыланып отырды. Бұл тәсіл шалғай ауыл тұрғындарының да назардан тыс қалмауына мүмкіндік беріп, 200-ден астам азаматтың нақты құқықтық көмек алуына жағдай жасады.

Кездесулер барысында жолданған өтініштер мен мәселелер кешенді түрде талданып, нәтижесінде 5 мыңға жуық азаматтың конституциялық құқықтарына тікелей қатысты өзекті түйткілдер анықталды. Прокуратураның жедел әрекеті арқасында бұл мәселелердің басым бөлігі дереу шешімін тауып, аудан бойынша арыз-шағымдардың 21 пайызға төмендеуіне оң ықпал етті.

Облыс прокуроры Нұрғалым Әбдіровтің жеке қабылдауына келген тұрғындар негізінен көпшілікті қамтитын жүйелі мәселелерді көтерді. Олардың қатарында шалғай елді мекендерден видеобайланыс арқылы қосылып, өз өтініштерін жеткізген азаматтар да бар. Мәселен, Жарлысу ауылындағы су құбырының санитарлық талаптарға сай еместігіне байланысты облыс прокуроры тиісті уәкілетті органдарға нақты тапсырмалар беріп, мәселені шешуді бақылауға алды. Сонымен қатар, 56 адамның еңбек құқығының бұзылуына қатысты аудан прокурорына арнайы қадағалау актісін енгізуді тапсырды. Қорағаты ауылында көп жылдан бері шешілмей келе жатқан «Молбол» шаруа қожалығына қатысты 41 пай үлескердің жер телімін қайтару мәселесі прокуратураның тікелей араласуынан кейін ғана оң шешімін табуда.

Аудан көлемінде мал ұрлығы мен тіркелмеген мал санының артуы да назардан тыс қалған жоқ. Бұл мәселелерге жауап ретінде шекаралас ауылдарда ветеринарлық және шекаралық қызметтердің қатысуымен көшпелі науқандар жүргізіліп, 15 мыңнан астам малдың ішінен 4,5 мыңға жуығы биркаланып, есепке алынды. Заңсыз мал айдаудың алдын алуға бағытталған бұл шаралар құқықтық тәртіпті сақтауға айтарлықтай үлес қосты. Сонымен қатар, ауыл тұрғындарына жер мәселелеріне қатысты заңнаманы түсіндіру және құжат рәсімдеуге көмек көрсету мақсатында консультативтік семинарлар өткізілді.

Алматы-Шымкент республикалық тас жолының аудан аумағы арқылы өтуіне байланысты апатты аймақтарда да бақылау жүргізіліп, «Қауіпсіз жол» жобасы аясында полиция қызметкерлерінің жұмысы бағаланды. Бұл бастаманың нәтижесінде биыл облыс жолдарындағы өлім-жітім көрсеткіші 9,8 пайызға төмендеп отыр.

«Қоғаммен байланыс» жобасы ауқымдылығы, ашықтығы мен нәтижелілігі арқылы прокуратура мен халық арасындағы сенімді нығайтып, мемлекет пен азамат арасындағы байланыстың тиімді форматына айналды Ең бастысы – халықтың үніне құлақ асылып, нақты әрекет жасалды.

Қ. ИЕМБЕРДИЕВ.
Жамбыл облысы.

САЛАМАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

ТАРАЗДА ПОЛИЦЕЙЛЕР БАЛАЛАРҒА ЕРЕКШЕ МЕРЕКЕ СЫЙЛАДЫ

Жамбыл облыстық Полиция департаментінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы мен облыстық Жастар ресурстық орталығы бірлесіп, Тараз қаласындағы жатақханалардың бірінде балалар үшін естен кетпес іс-шара ұйымдастырды.

Өздерінің кәсіби бейнелерін бір сәтке ұмытып, ертегі кейіпкерлеріне айналған полиция қызметкерлері жатақханада тұратын отбасылардың бүлдіршіндеріне керемет әсерлер сыйлады. Олар аниматор рөлін сомдап, түрлі қызықты ойындар ұйымдастырды. Балалар үшін бұл күтпеген тосынсый болды.

Балаларға шаттық сыйлаумен қатар, саламатты өмір салтын насихаттауды да мақсат тұтқан ұйымдастырушылар арқанмен секіру, «Көңілді доп», шар үрлеу жарыстарын өткізіп, аула ішін шаттық пен күлкіге толтырды. Әсіресе, асфальтқа сурет салу байқауы ерекше әсер қалдырды. Бүлдіршіндер түрлі-түсті бормен қиялындағы әлемді қағазға емес, жер бетіне түсіріп, бір сәтке болашақ туралы армандарымен бөлісті.

Көңілді іс-шара соңында әр балаға жаз мезгілінің тәтті белгісі – балмұздақ үлестірілді. Бұл күн олардың есінде жарқын естелік болып сақталып қалары анық.

А. ӘБІЛ.
Жамбыл облысы.

Қостанай облысы бойынша ТМРКД «Дидар» МКК-ның өтінімдері бойынша жария тыңдаулар өтеді

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті «Дидар» МКК-ның тарифтер жобасын талқылау бойынша жария тыңдаулар өткізілетіні туралы келесіні хабарлайды:

- Магистральдық құбырлар және тарату желілері (Свердловка, Подгорное ауылдары) бойынша су беру жөніндегі қызметтерге **2025 жылғы 16 маусымда сағат 11.00-де** Қостанай облысы, Денисов ауданы, Свердловка ауылдық округі, Свердловка ауылы, Продводство көшесі 13, әкімдік ғимараты мекенжайы бойынша өтеді;

- Магистральдық құбырлар және тарату желілері (Перелески ауылы) бойынша су беру жөніндегі қызметтерге **2025 жылғы 16 маусымда сағат 15.00-де** Қостанай облысы, Перелески ауылы, Центральная көшесі 1, әкімдік ғимараты мекенжайы бойынша өтеді.

«ZOOM» қосымшасы арқылы жария тыңдауға қосылу нөмірі - Конференция идентификаторы: 871 132 2725, Кіру коды: gQQB4P.

Анықтама телефондары: 8 (7142) 54-11-52, 54-28-76.

В ДКРЕМ по Костанайской области пройдут публичые слушания по заявкам ГКП «Дидар»

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Костанайской области сообщает о проведении публичных слушании по обсуждению проекта тарифов ГКП «Дидар»:

- на услуги по подаче воды по магистральным трубопроводам и распределительным сетям (с. Свердловка, Подгорное), которое состоится **16 июня 2025 года в 11.00 часов** по адресу: Костанайская область, Денисовский район, Свердловский сельский округ, село Свердловка, улица Производственная 13, здание акимата;

- на услуги по подаче воды по магистральным трубопроводам и распределительным сетям (с. Перелески), которое состоится **16 июня 2025 года в 15.00 часов** по адресу: Костанайская область, село Перелески, улица Центральная 1, здание акимата.

Номер для подключения к публичному слушанию посредством ZOOM - Идентификатор конференции: 871 132 2725, Код доступа: gQQB4P.

Справки по телефонам: 8 (7142) 54-11-52, 54-28-76.

ФЕСТИВАЛЬ

БОЛАШАҚ – БІЛІКТІ МАМАН ҚОЛЫНДА

Елімізде Мемлекет басшысының бастамасымен 2025 жыл «Жұмысшы мамандықтарының жылы» деп жарияланғаны белгілі. Бұл – қоғамдағы еңбек адамының мәртебесін көтеріп, кәсіптік-техникалық білім беруді жаңғыртуға бағытталған маңызды стратегиялық қадам. Осы орайда, еліміздің әр өңірінде түрлі ауқымды іс-шаралар өткізілуде. Соның бірі – Есіл ауданының орталығы Явленка ауылында ұйымдастырылған «Жұмысшы мамандықтарының» фестивалі болды.

Аталған фестивальге Солтүстік Қазақстан облысының 20 колледжі қатысып, өздерінің оқу бағдарламаларын, материалдық-техникалық базасын, болашақ студенттерге ұсынатын мүмкіндіктерін таныстырды. Іс-шара аясында жастарға еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша оқудың артықшылықтары, жұмысқа орналасу жолдары мен мемлекеттік қолдау тетіктері туралы кең көлемде ақпарат берілді.

Фестиваль жұмысына облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов қатысып, кәсіптік білімнің даму бағыты мен облыстағы кадр даярлау ісінің өзекті мәселелеріне тоқталды.

– Бүгінде өңіріміздегі 15 колледж 16 жаңа мамандық ашу бойынша жүйелі жұмыс жүргізуде. Оның ішінде 14-і – жұмысшы мамандықтары. Жақын арада дәнекерлеуші, электрик, токарь, наубайшы және тағы басқа сұранысқа ие мамандарды даярлау басталады, – деді өңір басшысы.

Солтүстік Қазақстан облысында жұмысшы кадрларға деген сұраныс жылдан-жылға артып келеді. Осы қажеттілікті ескере отырып, 2025 оқу жылында мемлекеттік білім беру тапсырысы 105 грантқа ұлғайтылып, жалпы саны 1742 орынға жетті. Бұл – жастарға кәсіптік білім алуға қосымша мүмкіндік, ал өндіріс орындары үшін – жаңа кадрлар легі.

Петропавл қаласында жұмыс берушілердің бастамасымен және қолдауымен жалпы білім беретін мектептерде «автослесарь» мен «электрик» бейінді сыныптары ашылуда. Бұл – кәсіби бағдарлаудың жаңа форматы, еңбекке ерте араласудың тиімді жолы.

Жастардың жұмысшы мамандықтарына деген қызығушылығын арттыру мақсатында облыста бірқатар маңызды жобалар жүзеге асырылуда. Мәселен, колледждерде «Junior Skills», «Үздік мамандық иесі» сынды сайыстар тұрақты түрде өткізіледі. Соңғы жылы бұл конкурстарға 7 мыңға жуық түлек қатысып, өздерінің кәсіби қабілеттерін шыңдады. Бұдан бөлек, 29 мың мектеп оқушысы зауыттарға экскурсия жасап, өндірістің қыр-сырын көзбен көріп қайтты.

Елімізде жұмысшы мамандықтарын насихаттайтын халықаралық деңгейдегі беделді жоба – «WorldSkills» чемпионаты аясында өңірімізде 3 мыңға жуық жас маман бақ сынады. Республикалық кезеңде солтүстікқазақстандық студенттер 2 алтын, 2 күміс және 3 қола медаль иеленіп, өздерінің мықтылығын дәлелдеді.

Жыл соңына дейін өңірде кәсіби шеберлік сайыстары, жас көшбасшылар форумы, шеберлік сабақтары және жаңа мамандықтар атласын әзірлеу сынды бірқатар маңызды шаралар ұйымдастырылады. Мұндай бастамалар жастардың жұмысшы мамандықтарына деген көзқарасын өзгертеді, қоғамдағы еңбек адамының мәртебесін өсіруге ықпал етеді.

Фестиваль – жастарға дұрыс бағыт беріп, болашақ мамандығын таңдауға шабыт сыйлаған жарқын шара болды. Бұл бастамалар арқылы елімізде жоғары біліммен қатар кәсіптік білімнің де өз орны бар екенін тағы бір мәрте дәлелдеп отыр.

Г. ЖЫЛҚЫБАЙ.
Солтүстік Қазақстан облысы.

ҚОҒАМ ДЕРТІ

ЕМІ - ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТ

Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселелерінің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын болмасын да қатты алаңдататыны айқын.

Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін неғұрлым төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі. Ең бастысы — адамдардың қоғамның демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, білікке деген сеніміне кері әсер ететіні хақ. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру–сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын қызметі» деп түсіндіріледі. Яғни, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілеті. Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті дегеніміз, ол сол тұлғаның қоғам қауіпсіздігіне және игілігіне сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы білімін қамтитын қасиеті. Ол индивидтің жай ғана сыбайлас жемқорлықты төзбеуі ғана емес, сонымен қатар, оны жоюға, онымен күресуге талпынуы болып табылады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Р. ТҰРАРҚҰЛ,
Мойынқұм ауылдық округінің әкімі.
Жамбыл облысы.

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ТМРКД «АМАН-СУ» МКК-НЫҢ ӨТІНІМІ БОЙЫНША ЖАРИЯ ТЫҢДАУ ӨТЕДІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті «Аман-Су» МКК-ның магистральдық құбырлар мен тарату желілері (Қарасу, Есенбаев, Ақайдар, Кемер ауылдары) арқылы су беру қызметтеріне тариф жобасын талқылау бойынша жария тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жария тыңдау **2025 жылғы 17 маусымда сағат 11.00-де** Қостанай облысы, Амангелді ауылы, А.Байтұрсынов көшесі, 48 мекенжайы бойынша өтеді.

«ZOOM» қосымшасы арқылы жария тыңдауға қосылу нөмірі - Конференция идентификаторы: 871 132 2725, Кіру коды: gQQB4P.

Анықтама телефондары: 8 (7142) 54-11-52, 54-28-76.

В ДКРЕМ ПО КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ ПРОЙДЕТ ПУБЛИЧНОЕ СЛУШАНИЕ ПО ЗАЯВКЕ ГКП «АМАН-СУ»

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Костанайской области сообщает о проведении публичного слушания по обсуждению проекта тарифа ГКП «Аман-Су» на услуги по подаче воды по магистральным трубопроводам и распределительным сетям (с. Карасу, Есенбаев, Агайдар, Кемер).

Публичное слушание состоится **17 июня 2025 года в 11.00 часов** по адресу: Костанайская область, село Амангельды, улица А. Байтурсынова, 48.

Номер для подключения к публичному слушанию посредством ZOOM - Идентификатор конференции: 871 132 2725, Код доступа: gQQB4P.

Справки по телефонам: 8 (7142) 54-11-52, 54-28-76.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті (бұдан әрі- Департамент) «Құрылыс Материалдары Комбинаты KZ» ЖШС-нің жылжымалы құрамның өтуі үшін кірме жолды беру қызметі бойынша бекітуге берілген тарифінің жобасын талқылау бойынша жария тыңдау **2025 жылғы 27 маусымда сағат 11.00-де** Қызылорда қаласы, Жахаев көшесі №5 Департамент ғимаратында өтетінін хабарлайды.

Жария тыңдауға қатысу үшін депутаттар, жергілікті атқарушы және мемлекеттік органдардың, БАҚ, үкіметтік емес ұйымдар өкілдері, тәуелсіз сарапшылар және тұтынушылар шақырылады.

Сонымен қатар, Қызылорда қаласы тұрғындары мен өзге де мүдделі тұлғалар онлайн режимінде де «Facebook» әлеуметтік желісіндегі Департаменттің ресми парақшасында жария тыңдауларға қатыса (https://www.facebook.com/profile.php?id=100030142456862) алады.

Әрбір тілек білдіруші онлайн режимде өз сұрақтарын қойып, оларға жауап ала алады.

Қосымша сұрақтар бойынша мына телефондарға хабарласуға болады: 8 (7242) 26-23-67, 27-79-74.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики РК по Кызылординской области (далее - Департамент) сообщает о проведении публичного слушания по обсуждению проекта тарифа на услуги по предоставлению подъездного пути для проезда подвижного состава ТОО «Комбинат Строительных Материалов KZ» которое состоится в здании Департамента **27 июнь 2025 года, в 11.00 часов** по адресу: город Кызылорда, ул. Жахаева №5.

На публичные слушания приглашаются депутаты, представители местных исполнительных и государственных органов, средств массовой информации, неправительственных организаций, независимые экспертизы и потребители.

Вместе с тем сообщаем, что жители г.Кызылорды и иные заинтересованные лица смогут принять участие на публичных слушаниях также и в режиме онлайн на официальной странице Департамента в социальной сети «Facebook» (https://www.facebook.com/profile.php?id=100030142456862).

Каждый желающий может в онлайн-режиме задать свои вопросы и получить на них ответы.

По дополнительным вопросам можно обратиться по телефонам: 8 (7242) 26-23-67, 27-79-74».

SALYQ TÁRTIBI
Газет 1994 жылы шығарыла бастады
www.salyq-gazet.kz РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ saltar61@mail.ru

БАС РЕДАКТОР
Ғалым ҚАСАБАЙ

МЕНШІК ИЕСІ: «САЛЫҚ ТӘРТІБІ» газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 20 желтоқсанда қайта тіркеліп, №17405-Г куәлігі берілген.

Индекс 65604

Мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасына сай келе бермеуі мүмкін. Қолжазбаға пікір айтылмайды және авторға қайтарылмайды.

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ТАРАЙДЫ

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
080003, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 «Б», тел.: 8 /7262/ 45-34-52, факс: 43-56-97
e-mail: saltar61@mail.ru
Электрондық сайтымыз: www.salyq-gazet.kz
Басылым аптасына 3 рет шығады.
Таралымы 17 357
Апталық таралымы 52 071

ГАЗЕТ «Қанатты қалам әлемі» ЖШС-нің баспаханасында теріліп, басылды
080003, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 «Б»

Тапсырыс 382